

## Кейбір міндетті төлемдерді бюджетке қолма-қол ақшамен төлеу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2002 жылғы 15 шілдедегі N 323 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 1 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1935. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 633 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2008.12.30 N 633 Бұйрығымен.*

Келісілді

Келісілді

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер вице-министрі  
2002 жылғы

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік кіріс министрі  
2002 жылғы 2002 жылғы 9 шілде

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық Кодексі) іске асыру мақсатында  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Салық Кодексіне сәйкес оларды төлеу қолма-қол ақшамен жүзеге асырылуы мүмкін кейбір міндетті банктік төлемдерді уәкілетті органдар, дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер бюджетке қабылдауға арналған қатаң есептілік бланкісінің нысаны бекітілсін.

Қазақстан Республикасының аумағында уәкілетті органдар, дипломатиялық өкілдіктер немесе консулдық мекемелер қабылдаған бюджетке төленетін міндетті төлемдерді қабылдау, ақшаны қабылдау жүзеге асырылған келесі күннен кешіктірмей күн сайын бюджетке есепке алу үшін "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Агент ретінде анықталған екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдарға өздері өткізеді деп белгіленсін. Егер, күн сайынғы қолма-қол ақшаның түсуі кемінде 10 айлық есептік көрсеткішті құраған жағдайда, өткізу үш банктік күнде бір рет жүзеге асырылады.

*Ескерту: 1-тармақ толықтырылды, өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2003 жылғы 6 ақпандағы N 46 бұйрығымен .*

2. Фискальдық саясат және болжамдар департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен келіссін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары

Министр

Кейбір міндетті төлемдерді  
бюджетке қолма-қол ақшамен  
төлеу туралы

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2002 жылғы 15 шілдедегі

№ 323 бұйрығына қосымша

**ТҮБІРТЕКТИҢ ТҮБІРШЕГІ ТҮБІРТЕК**

**Сериясы N Сериясы N**

Төлеушінің атауы (аты-жөні) \_\_\_\_\_ Төлеушінің атауы (аты-жөні) \_\_\_\_\_

Төлеушінің СТН \* \_\_\_\_\_ Төлеушінің СТН \* \_\_\_\_\_

Төлемнің тағайындалуы \_\_\_\_\_ Төлемнің тағайындалуы \_\_\_\_\_

Төлемнің сомасы \_\_\_\_\_ Төлемнің сомасы \_\_\_\_\_

төлем валютасын көрсете отырып, төлем валютасын көрсете отырып,  
санмен және жазбаша көрсетіледі санмен және жазбаша көрсетіледі  
Түбіртекті берген мемлекеттік Түбіртекті берген мемлекеттік  
органның атауы: органның атауы:

Берілген күні: 200\_ж. "\_\_"\_\_\_\_\_ Берілген күні: 200\_ж. "\_\_"\_\_\_\_\_

Түбіртекті берген лауазымды Түбіртекті берген лауазымды  
МО тұлғаның аты-жөні және қолы: МО тұлғаның аты-жөні және қолы:

Төлеушінің қолы \_\_\_\_\_ Төлеушінің қолы \_\_\_\_\_

**\*Ескерту** : Қазақстан Республика. **\*Ескерту** : Қазақстан Республика.  
сының салық заңнамасына сәйкес сының салық заңнамасына сәйкес  
мемлекеттік тіркеуге жататын мемлекеттік тіркеуге жататын  
тұлғалардың СТН-і көрсетілді тұлғалардың СТН-і көрсетілді